

**Ақшұқыр ауылы бойынша жергілікті қоғамдастық жиналыс
ХАТТАМАСЫ
№02-06/25**

Ақшұқыр ауылы
«Ақшұқыр мәдениет үйі» акт залы

05.06.2025 жыл
Сағат 10:00

Төраға: Жергілікті қоғамдастық төрағасы – Күзембай Қайрат Бекқалиұлы
Қатысқандар: Қоғамдық кеңес мүшелері, Ардагерлер кеңесі мүшелері, көше тұрғындары Ақшұқыр ауылы көше бойында орналасқан үй-жайлардың жалпы тұрғындар саны - 549, Қоғамдастық жиналысына барлығы - 91 (16,6 пайыз) адам қатысты.

Хатшы: Ахыт Ибатұлы

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

1. Ақшұқыр ауылының атауы жоқ көшелеріне Ұлы Отан соғысы ардагерлерінің атауын беру туралы.

ТЫҢДАЛДЫ:

1.1 Жергілікті қоғамдастық төрағасы – Құрметті жиналысқа қатысушылар! өздеріңізге мәлім, Түпқараған ауданына қарасты Ақшұқыр ауылының атауы жоқ көшелеріне атау беру мақсатында ұйымдастырылып отыр. Ақшұқыр ауылы атауы жоқ 9-көшесіне, көше атауын беру үшін Ақшұқыр ауылы әкімінің міндетін атқарушы Ш.Есенқосовтың баяндамасын тыңдап, осы мәселе төңірегіндегі ой-пікірлеріңізді білдіріп, жиналысқа қатысуға шақырды.

1.2 Ш.Есенқосов – Күн тәртібіндегі ұсынымға сәйкес, Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2023 жылғы 1 тамыздағы №211 бұйрығы негізінде әзірленген «Әкімшілік-аумақтық бірліктерге, елді мекендердің құрамдас бөліктеріне атау беру, оларды қайта атау, сондай-ақ олардың атауларының транскрипциясын нақтылау мен өзгерту кезінде тиісті аумақ халқының пікірін ескеру қағидалары» және 2024 жылғы 24 қаңтарда өткен отырысында мақұлданған Қазақстан Республикасындағы ономастикалық жұмыстарды ұйымдастыру жөніндегі әдістемелік ұсынымдар негізге алынды. Осы нормативтік құжаттар аясында тұлғаның - Ұлы Отан соғысы ардагерлері - 4-квартал 8-құдық алды көшесіне –«Тлесов Ақберген» атауын беру, 5-квартал –«Аленов Серкебай» атауын беру, 5-кварталға – «Тоқбаев Әділхан» атауын беру, 5-кварталға –«Оңдасынов Көжекбай» атауын беру, 5-кварталға -«Нұрғалиев Дана» атауын беру, 5-квартал- «Тулеуов Қорабек» атауын беру, 5-кварталға- «Туреханов Хусайын» атауын беру, 3-кварталға-«Бижанов Садык» атауын беру, 2-кварталға «Отетилеуов Кылыш» атауын беру үшін өмірбаяндарымен таныстырылды. Ономастика ұрпаққа қалдыратын рухани мұраның маңызды, әрі үлкен бір бөлшегі. Өте

жауапкершілікпен атқарылатын күрделі жұмыс. Сондықтан жиналған көпшіліктің пікірімен қабылданған шешім маңызды.

СӨЗ СӨЙЛЕГЕНДЕР:

Аленова Н. – әкесі Аленов Серкебайдың соғыста көрсеткен ерліктерін, 3-дәрежелі «Даңқ» орденімен, 2-дәрежелі «Отан соғысы» орденімен марапатталғанын, соғыстан кейін 40-жыл балық шаруашылығында еңбек еткенін айтты. Олар өз өмірін қатерге тігіп, бейбіт өмірмен болашақ ұрпақ үшін күресті. Бүгін еңбек- сол кісілердің жемісі деп пікірін білдірді.

Туреханов Қожаберген – Хусайын Төрехановтың соғыстан 1-топ мүгедек болып келгенін, 1-дәрежелі «Отан соғысы» орденімен марапатталғанын, соғыстан кейін 45-жыл ауыл шаруашылығында мал бақты. Осы кісілердің арқасында бейбіт өмірде өмір сүріп жатырмыз. Барлық ардагерлерді қолдаймыз.

Киікбай Өтетілеуов – Отетілеуов Кылыш соғысқа 1943 жылы шақырылғанын, командирлік курсқа оқығанын, ерлік көрсеткендерін еске алып, соғыста бірнеше рет жараланғанын, соғыстан кейін білім саласында қықмет еткенін еске алды. Ұрпақтары осы ауылда тұратынын, көше беріп жатқандарына рахмет айтты.

Ерғалиев Бектұрған – Нұрғалиев Дананың соғысқа 1942 жылы шақырылғанын, артилерист болғанын, 1944 жылы Смоленск қаласын азат етуде ауыр жараланып, госпиталда емделіп 1944 жылдың аяғында елге оралап 199 жылғы дейін ауыл шаруашылығында есепші-экономист болып еңбек еткенін, 1-дәрежелі «Отан соғысы» орденімен марапатталғанын айтты. Олардың ерлігі мәңгілік ұмытылмайды. Сондықтан қолдау білдіремін.

Айғали Тлесов – Ақберген Тлесовтың соғысқа 1942 жылы шақырылғанын, взвод командирі болғанын, барлауда «тілді» қолға түсіргенін, әскери бөлімнің болашақта жауынгерлік тапсырманын ойдағыдай аяқтауға көмектескенін. «Қызыл жұлдыз», 1-дәрежелі «Отан соғысы» ордендерімен марапатталған. Ұлы Жеңістің сыйлаған ардагерлердің алдында басымызды иеміз. Ерлігі- ұрпаққа мұра, ұмытылмас тарих, сондықтан қолдау білдіремін.

Оңдасын Гүлзипа – і Көжекбай Оңдасыновтың 1943 жылы соғысқа аттанғанын, Чехословакия жерінде ауыр жарақат алып емделіп, зейнетке шыққанша ауыл шаруашылығында еңбек еткенін айтты. Ұрпақтары осы ауылда тұратынын, көше беріп жатқандарына рахмет айтты.

Еркебұлан Жәнібек – көше берілген 9-ардагердің қай жердің тумасы болмасын, барлығы батыр екенін, көше атауын беруге лайық. Ерең еңбектеріне бас иеміз!

Жергілікті қоғамдастық төрағасы – ұсыныстарыңыз орынды. Әр көшенің атауы болуы қажет. Осы атаулар халыққа дұрыс насихатталып, сол атаулармен халық арасында аталса нұр үстіне нұр болары анық. Әр атау сол тарихи кезеңдердің бір куәсі. Баяндамада таныстырылған Ұлы Отан соғысы ардагерлері есімдері арнайы комиссия арқылы олардың деректерімен, архивтік құжаттар маңыздылығымен толықтырылған. Талаптарға сәйкес барлық

құжаттары тапсырылған жағдайда, ономастика отырысына ұсыныс беретін боламыз.

Жиналысты қорытындылай келе, ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

Ақшұқыр ауылының тұрғындары Тлесов Ақберген, Аленов Серкебай, Тоқбаев Әділхан, Оңдасынов Көжекбай, Нұрғалиев Дана, Тулеуов Қорабек, Туреханов Хусайын, Бижанов Садық, Отетилеуов Кылыш атауларын Ақшұқыр ауылының атаусыз көшеге беруге мақұлдансын:

Тұрғындардың ой-пікірлері тыңдалып, ұсыныстар ашық дауысқа салынды

Қорытынды:

Қолдаушылар -91

Қарсы - 0

Қалыс қалғандар - 0

ҚАБЫЛДАНҒАН ШЕШІМ:

Осы хаттамадан туындайтын өзге де шаралардың Заңнамада белгіленген тәртіппен орындалуын, соның ішінде ұсынымның облыстық ономастика комиссиясының қарауына жолдауын қамтамасыз етуді бақылау өзімде қалады. Қажетті өзгеде шаралар қабылдансын.

Жиналыс төрағасы

Күзембай Қайрат Бекқалиұлы

Хатшы

Ахыт Ибатұлы